

«Дарынды балалармен жұмыс» блогындағы 2023-2024 оқу жылына арналған жұмысты талдау/

Атқарылған жұмыс туралы ақпарат (Қыркүйек-мамыр) /

Дарын – бұл табиғаттың берген сыйы болса, оқушы бойындағы жылт еткен сәулені сөндіріп алмай, әрі қарай шыңдау – ұстаздың кәсіби біліктілігіне байланысты. «Дарынды оқушы – ұлт болашағы» десек, әр мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. «№ 6 ЖББМ» КММ дарынды балалармен жұмыс жоспары құрылып, соған сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Мақсаты: Оқушының қабілетін анықтау. Сол бағытқа байланысты тереңдетілген түрде тапсырмалар беру арқылы даму деңгейін, ой – өрісін одан әрі дамыту. Білім алудың негізгі талаптарды жүзеге асыру.

Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы мұғалімдер дарынды оқушыларды анықтап алып, жұмыс жоспары құрастырылып, бекітілді. Мектеп бойынша жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Әр мұғалім өз жоспары бойынша жұмыстарын іске асырды. Оларды шығармашылыққа, ғылыми-зерттеу жұмысқа, жоба қызметіне тартылды. Қосымша білім және үйірмелер ұйымдастырылды жұмыстар жасалды.

2023-2024 оқу жылында:

1. 4-6 сынып оқушылары арасында өткен VIII Областық «CLEVER-2023» олимпиадасының қалалық кезеңіне 3 оқушы қатысып, 4 Ә сынып оқушысы Қазыбай Айша II орын алды. Жетекшісі – Ахметжанова А.К.
2. 3-4 сыныптарға арналған «АЛТЫН САҚА» олимпиадасының аудандық(қалалық) кезеңінде 3 Ә сыныбының оқушысы Аманжол Жәмилә II орын алды. Жетекшісі – Ахметова М.М.
3. Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 4 оқушы қатысып, 5-сынып оқушылары Мейрам Темірлан III орын, Қайрат Дәулетхан III орын алды. Жетекшілері – Саденова Н.Қ., Сарсенбекова Б.Л.
4. Қалалық «Пусть долгие века длится память» атты Айтматов оқуларына 10-сынып оқушысы Ксембаева Амина қатысып, жүлделі II орын алды. Жетекшісі – Майманчиева С.Б.
5. Математика пәнінен 11-сынып оқушылары арасында өткен «Алтын түлек» олимпиадасының өңірлік кезеңінде көрсеткен ерекше жетістігі үшін 11 А сынып оқушысы Қаршыға Аяна мадақтама алды. Жетекшісі – Саденова Н.Қ.

6. Математика пәнінен 10-сынып оқушылары арасында өткен «Алтын түлек» олимпиадасының өңірлік кезеңінде көрсеткен ерекше жетістігі үшін 10 А сынып оқушысы Сағынтай Ақжан мадақтама алды. Жетекшісі – Алимханов А.О.
7. Химия пәні бойынша ІҮ қалалық «Білгір химик» олимпиадасына қатысып 9 А сынып оқушысы Амантай Нұрберген ІІ орын, 8-сынып оқушысы Шалқарбек Сағыныш ІІ орын иеленді. Жетекшісі – Едресова С.А.
8. «Жанды классика-2024» мәнерлеп оқу ҮІІІ қалалық байқауында 6-сынып оқушысы Қадыс Дания ІІ орын иеленді. Жетекшісі: Амзина Г.С.
9. ХІІІ қалалық «Жыл оқушысы – 2024» конкурс фестиваліне 10-сынып оқушысы Байханова Асель мен 6-сынып оқушысы Жанайым қатысты.
10. Облыстық «Педагогикалық сынып» жобасы аясында Қарағанды қаласы 5-11-сынып оқушылары арасында өткізілген «Ұстазыммен мақтанамын» қалалық шығармалар байқауында 6-сынып оқушысы Қадыс Дания ІІІ орын алды.
11. Облыстық «Педагогикалық сынып» жобасы аясында Қарағанды қаласы 5-11-сынып оқушылары арасында өткізілген ІІ қалалық «Ұстаз-ұлы есім» атты мәнерлеп оқу сайысында ІІ Ә сынып оқушысы Әбілда Алуа ІІ орын алды. Жетекшісі – Шунеева Ә.И.
12. «Менің кіші Отаным – 2023» Республикалық интеллектуалдық конкурсының қалалық кезеңінде 9-10 сынып оқушылары арасында ІІ орын алғаны үшін Байханова Асель (ІІ орын), Нургалиева Камила (ІІІ орын) марапатталды.
13. Оқушылардың Республикалық олимпиадасы – 2024 ІІ (қалалық) кезеңінде қазақ мектебіндегі орыс тілі пәнінен 5-сынып оқушылары: Мейрам Дария, Қалкеш Фатима, Еркебұланқызы Айым ІІІ орын алды.
14. Оқушылардың Республикалық олимпиадасы – 2023-2024 ІІ (қалалық) кезеңінде қазақ мектебіндегі орыс тілі пәнінен 10-сынып оқушысы Ксембаева Амина ІІ орын алды (жетекшісі – Майманчиева С.Б., Қазақстан тарихы пәнінен 10-сынып оқушысы Байханова Асель ІІ орын алды (жетекшісі – Амирова Р.А.).
15. І қалалық «Этот день...» атты шығармашылық жұмыстар байқауы – Дауренбек Дарина, Асхат Мерей – ІІІ орын. Жетекші – Абаканова А.Е.
16. Орыс тілінен «Грамотей-2023» І қалалық диктанттар сайысында 6-сынып оқушысы Бегендік Дария ІІІ орын алды.
17. «Ақбота» Республикалық зияткерлік марафонына 36 оқушы қатысып, жүлделі орындар иеленді.
18. «Кенгуру-математик» Республикалық сайысында 17 оқушы жүлделі орын алды.
19. ҚарУ ашық олимпиадасы (құқықтану) – Рымғалиев Мансур – ІІ орын

20. Экономикадан өңірлік олимпиада (КЭУ) – Амангелді Томирис – I орын
21. Қалалық «Поэт, собеседник мой, друг и собрат...» С. Сейфуллиннің 130 жылына орай өткізілген көркем-әдеби сайыс – Дауренбек Дарина (III орын), Мейрамғали Алиана (III орын)
22. Мұғалімдерге арналған «Педстарт» олимпиадасына қазақ тілі, орыс тілі, бастауыш сынып мұғалімдері қатысты, 8 жүлделі орын алды.

Артықшылықтар: Сайыстар барлық пәндерді қамтыған.

Басшының орынбасары Майманчиева С.Б.

6-ЖББМ бейіндік қызмет бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған жұмысты талдау.

Бейіндік қызметте мектебімізде оқу жылының басынан жұмыс жоспары бекітілді.

Мақсаты: Оқушылардың қызығушылық бағытын, қабілетін, келешекте ие болуға тиісті мамандыққа бейімделуіне жағыдай жасау.

Жоспар бойынша бастауыш сыныптардан бастап еңбекке деген қызығушылықты қол жетімді және қызықты түрде ұйымдастыру. Осы жобада «Мен, әке-шешемді мақтан етемін» және «Дәрігер және мұғалім мамандығы бойынша» сынып сағаттары мен сурет көрмесі өтті.

Кәсіптер әлемімен таныстыру. Бейімділігі мен мүмкіндігін анықтау. Кәсіби бағдарын түсіну. Осы мақсатта кәсіби мамандықтарға оқытатын колледж және жоғарғы оқу орындарымен келісім шарттарға отырдық. Сол оқу орындарына оқушылар экскурсия жасады, мастер класстарына қатысты, мектепке келген колледж, ЖОО өкілдерінен оқу орыны туралы ақпараттармен танысты.

Кәсіптік диагностика және тестілеу құралдары негізінде еңбек нарығының перспективаларын, оқушының бейімділік мүдделерін ескере отырып мамандықтар бойынша ұсыныстар беру. Осы қызметте мектебіміздің психологы Төребек Нұрсила және профориентатор Құлынбаева Мариям мектебіміздің 7-11 сыныптары арасында кәсіптік бағдар беру тестісін өткізді. Теске 174 оқушы қатысып, 16-мамандық түрін таңдап, қорытындысында ең көп медицинаны-25 оқушы, мұғалімдікті-20 оқушы таңдады. Осы тестің қорытындысымен бүгінгі күні мектепте «Мед.сынып» жетекшісі Кобдикова Нұрай Ахметкалиевна және «Педсынып» жетекшісі Ибраева Махаббат Бейбутовна өз жоспарлары бойынша қызмет атқарып жатыр.

«Медсынып» жоспарлары бойынша осы оқу жылынан бастап жүйелі жұмыс атқарып келеді. Нәтижесінде 10-сынып оқушылары Анарбек А, Сағынтай А, Иргалиев А, Жумабаева Е халықаралық ғылыми-тәжірибиелік семинарға қатысып сертификат алды, 10 «а» сынып оқушысы Сағынтай А «Медицина және қоғам» ғылыми зерттеу жобасында 3-орын, 7 «ә» сынып оқушысы Сейтхан М. ҚР ОҚ ШҒА 54-ші ғылыми-практикалық облыстық

конференцияда 2-орын, қалалық «Мамандықтар әлемін ашамыз» қалалық сайыста 7 «ә» сынып оқушысы Тузелова Інжу 3-орын алды, «Ауру астан...» қалалық TEDx жобасында 10 «а» сынып оқушысы Сағынтай А. алғыс хатпен марапатталды, «Мен экологпын» зияткерлік ойында мектептің «Жасыл Қазақстан» командасы 3-орын алды.

«Педсынып» осы оқу жылының 2-ші жарты жылдығынан бастап ашылды. Жоспарлары бойынша мектептепішілік жұмыстар атқарып, қалалық пед.колледж, университеттермен ынтымақтастық қарым-қатынаста. Нәтижесінде Қазтұтыну Одағы Қарағанды университетінің ұйымдастырған қалалық мектеп оқушылары арасында «Үздік химик» пәндік олимпиадасында 10-сынып оқушысы Қаршыға Аяна 3-орын алды.

Оқушыларды кәсіби бейімдеу бағытындағы жұмыстар: сауалнамалар, диагностика, пікірлесу, мамандық иелерімен және мектеп бітіріп кеткен түлектермен кездесу ұйымдастырылды, ата-аналарға сынып жиналыстарында кәсіби бағдар бойынша ақпарат берілді.

Барлық атқарылған жұмыстар мектеп сайтына және әлеуметтік желілерге күнделікті салынып отырды.

Бейіндік қызметтегі кедергілер: Көп ата-аналар каникул уақытында өтетін шараларға қатыстырмайды, ата-аналар жиналысына аз келуі, мамандық таңдауда балаларына көңілін аз бөлуі.

Шешу жолдары: Сынып жетекшілерімен бірлесіп ата-аналармен жұмысты жандандырып, тығыз байланыс орнату. Кәсіби бағдар бойынша ата-аналармен бірігіп іс-шаралар, конкурстарды көбірек ұйымдастыру.

Директордың кәсіби бейіндік оқыту бойынша орынбасары Түйтебай Н.Қ